

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 7 желтоқсан N 1249

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері" туралы 1998 жылғы 6 қазандағы N 1007 қаулысына сәйкес мемлекеттік басқару органдарын оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті (бұдан әрі - К о м и т е т) таратылсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен Комитетті таратуды жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі таратылатын Комитеттің құқықтық мұрагері болып белгіленсін.

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың және 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.01. N 355 қаулысымен .

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы 1998 жылғы 26 ақпандағы N 151 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 7, 45-құжат) күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

6. Осы қаулы 1999 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі